«Бекітемін»
М.Ғабдуллин атындағы №3
көпсалалы гимназия директоры
__________ А.М.Ахмеджанова
«__» ______ 2023ж.

«Келісілді»
ДТІЖЖ орынбасары
__________ О.Ж.Тержанова
«__» ______ 2023ж.

# Күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Пән: Жұмбақтар сандығында

Сынып: 1 «А»

Пән мұғалімі: Шахан Ә.Е

Барлығы: 33, аптасына: 1 сағ.

2023-2024 оқу жылы

**Түсінік хат**

«Жұмбақтар сандығында» атты үйірмесі жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарына арналып жасалынды. Көмекші құрал ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып жасалды.

**Жұмбақ**– адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Бұл жанрға Аристотель “Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора” деп анықтама берген. Жұмбақ әдебиеттің ежелгі үлгілерінде, ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндіктен оны ғылымда “фольклорлық жанр”, “халықтық поэзияның шағын түрі” деп санау орын алған. Алайда, қазіргі заман әдебиеті өкілдерінің, әсіресе, балалар әдебиеті авторларының шығармаларында Жұмбақтар топтамасы жиі кездеседі. Сондықтан оны тек фольклорлық жанр аясында шектеуге болмайды.

Ғалымдар Жұмбақтың әуелгі тегі тыйым сөздермен және табумен төркіндес деп есептейді. Бағзы дәуірлерде адамдар айналадағы өктем күштерден сақтанғандықтан, өзара шартты сөздермен, астарлы тіркестермен тілдескен. Жұмбақ кейінгі даму барысында табу мен тыйым сөздерден жіктеліп, бөлініп шыққан. Қазақ Жұмбақтары ежелгі дәуірде туып, қазіргі кезеңге дейін ұзақ даму жолынан өтті. 13 ғасырдың 2-жартысы мен 14 ғасырдың басында құрастырылған қыпшақ тілінің сөздігі “Кодекс Куманикусте” көптеген Жұмбақтар берілген. Ондағы Жұмбақтардың құрылымы, табиғаты қазіргі қазақ жұмбақтарына ұқсас.

«Жұмбақтар сандығында» үйірмесінің басты мақсаты оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ана тілінде сөйлеп, ойлауға, ұлттық құндылықтарды тануға, сауатты жазуға тәрбиелеу. Оқушылардың логикалық қабілетін шыңдау. Сонымен қатар әр пәнде жұмбақтарды пайдалану оқушыларды қызықтыра түседі, логикалық қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Осы орайда көмекші құрал ретінде М.Жаманбалинов, Ж.Смақов, М.Әлімбаев, Қ.Ыдырысов, Қ.Мырзалиев, К.Баянбаев, Қ.Шұғаев, Ә.Ысқабаевтың мәліметтеріне сүйене отырып, 1 сыныптарға арналып, 1 сыныпқа 33 сағаттан жоспар құрылды.

**Жұмбақтар сандығында үйірмесі 1 «А» сынып**

**Барлығы – 33 сағат**

**Апталық сағат саны – 1 сағат**

| № | **Тақырыбы** | Сағат саны | Мерзімі | Орындалуы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Адамдардың қарым-қатынасы | 1 | | |
| 2 | Амандасу | 1 | | |
| 3 | Қош келдіңіз | 1 | | |
| 4 | Күз мезгіліне жұмбақтар | 1 | | |
| 5 | Жемістер туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 6 | Табиғат туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 7 | Көкөністер туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 8 | Құстар туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 9 | Дауыс ырғағы | 1 | | |
| 10 | Сөйлейміз және тыңдаймыз. | 1 | | |
| 11 | Жануарлар туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 12 | Спорт туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 13 | Қыс мезгіліне жұмбақтар. | 1 | | |
| 14 | Табиғат туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 15 | Логикалық жұмбақтар | 1 | | |
| 16 | Жұмбақтар жарысы | | | |
| 17 | Жұмбақ әлеміне саяхат. Сурет салу | 1 | | |
| 18 | Жұмбақ сурет.Кім туралы? Не туралы? | 1 | | |
| 19 | Жұмбақтардың шешімін тап. | 1 | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20 | Кім тапқыр? | 1 | | |
| 21 | Математикалық жұмбақтар | 1 | | |
| 22 | Жұмбақ кейіпкер кім? | 1 | | |
| 23 | Жұмбақтар елі. | 1 | | |
| 24 | Суретті жұмбақтар. | 1 | | |
| 25 | Әзіл-жұмбақтар | 1 | | |
| 26 | Көктем мезгіліне жұмбақтар | 1 | | |
| 27 | Ауа-райы туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 28 | Табиғат туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 29 | Жұмбақшылар сайысы | 1 | | |
| 30 | Математикалық жұмбақ есептер | 1 | | |
| 31 | Өлеңде берілген жұмбақ | 1 | | |
| 32 | Жыл мезгілі туралы жұмбақтар | 1 | | |
| 33 | Аспан әлеміндегі жұмбақтар | 1 | | |
| 34 | Қорытынды | 1 | | |
| | Барлығы | **34** | | |